

егемен  
Қазақстан

## Ұлт ұясы – Ұлытау

### Киені қастерлейтін ие бар екенін көрсетіп келеміз

Қазақ хандығының құрылғанына 550 жыл толуына орай аталып жатқан мемлекеттік шара – киелі шара. Бұл – қазақ ұлтының ұлттық санасын ұйытатын ұлы мүмкіндік. Әлімсақтан бергі мұқым көшпелілердің әлемі мен кеңістігін қамтитын ұлы көшпелілер өркениетінің мысы мен бәсі екшелетін тұс. Әлем тарихы мен тарихи тұжырымдарда «соңғы көшпелілер империясы» деп танылған жоңғар хандығы мен «соңғы көшпелі ел» деп есептелген моңғолдардан басқа да «ұлы Жошы ұлысының» – «Алтын Орда» империясының заңды мұрагері – қазақ хандығы бар екендігін дүние тарихына мойындататын аса жауапты әрі ең мүдделі, ең шағымды кезең. Біздің мемлекеттігіміздің бары мен жоғына кесірлі кәдікпен қарайтын, тіпті нақтырақ айтсам, мемлекетіміз болды ма, жоқ па деген күдік тудырып, сан-саққа жүгіртіп талалайтын көршілеріміздің де рухын іштен тындырып, дәмесін мәңгі өшіріп тынатын, керісінше өзіміздің рухымызды асқатата көтеріп, солардың мысын иығынан бастың деңгейге көтерілетін шақ осы.

Біз бүгін қазақ мемлекетінің айбыны мен тарихын қалай ұлықтай аламыз, халықаралық қауымдастыққа қандай тұжырым жасата аламыз, міне, ұлтымыздың бүгінгі ғана емес, ертеңі де осыған тікелей байланысты. Бұл салтанат – Ұлы Тұранның, Көк түрік қағанатының, озан Оғыздың, кешегі Орталық Азиядағы Қаңлы мемлекеті мен Қараханилер әулетінің, Керулен бойындағы Керей хандығының, Селеңгідегі Жалайыр мемлекетінің, Құлынбердегі Қоңырат ұлысының, Қарақорым мен Тарбағатай арасындағы «ұлы Найман мемлекетінің» (тарихи атауы), Дешті-қыпшақ қағанатының, қазір де тұқымдары жайлап отырған Бағылық тауындағы «Алшын ұлысының», тым берісі, солардың барлығының басын қосқан – «Алтын Орданың» империялық өктем айбыны аспан астын жаңғыртып, Қалқа мен Куликово шайқасының жаңғырығын басып тастауы тиіс ұлы мүмкіндік.

Бұл шараның тұсында кешегі ұлы даланы күңіреткен, Кир мен Дарийды, Ескендір Зұлқарнайды, ассириялық Ашшурбанипалды, римдік Юстинанды тітіркендірген, Еуропаға «Құдайдың қамшысын» сермеген – Ишбақайдың, Ширақтың, Тұмардың, Сыпатайдың, Мөденің, Еділдің, Төныкөктің, Күлтегіннің, Білге қағанның, Қадыр ханның, Таян ханның, Тұғырыл ханның, Жошының, Сүбедейдің, Мұқылайдың, Кетбұғаның, «Ел қамын жеген Едігенің» дауысы – жер ортасы Ұлытаудың биігінен жер-көкті жаңғыртып, атой салып тұруы қажет.

Сонда ғана Қазақ мемлекеті, Қазақ хандығы – Ұлы Киев Русынан бөлінген – Ресей, Визаннан бөлінген – грек, рим империясы сияқты Шыңғыс хан империясының бүгінге жеткен бір ұлысы, «Жошы ұлысының заңды бір тұтқасы», «Алтын Орданың» мұрагері және сол территорияны сақтап қалған бүгінгі бірден-бір тәуелсіз мемлекет ретінде көрінеді және көрінуі тиіс! Солай болуы заңды да. Оған қазіргі кездегі Л.Н.Гумилевтен кейінгі көшпелі империялар тарихын адалдықпен зерттеп жүрген белгілі ерлі-зайыпты тарихшылар Р.Ю.Почекаев пен И.Н.Почекаеваның «С ликвидацией Касимовского ханства из всех джучидских государств, возникших после распада Золотой Орды, продолжало существовать лишь Казахское ханство» (түпнұсқаны әдейі аудармай беріп отырмыз), деген пікірін Қазақ хандығының құрылғанына 550 жыл толуына орай өткен шаралардың мемлекеттік тұжырымына айналдырып, «Қазақ хандығы – Алтын Орданың заңды мұрагері» деген орыс ғалымдары ұсынып отырған қорытынды пікірді ұлттық ұран етіп, әр шара өтетін алаңның қақпасының маңдайшасына жазып қоюымыз керек. Сонда ғана мақсатқа жетеміз. Айбынымыз бен мысымыз да асқақтайды. Ешкім енді: «Қазақта мемлекет те, шекарада болған емес», деп басынбайды. Керісінше, дүние

тарихшылары жоңғар мен моңғол ұлысынан мойнын Қазақ хандығының тарихына бұрып, олардың ғылыми ойы біздің тарихымызға қызмет ететін болады. Сонда, кімді – кім, қай ғасырда, қашанға дейін биледі, қайсы ұлттың шашыранды бектіктерінің басын қосып, мемлекет етті (өз мүддесіне қарсы болса да), сол ұлы ұлыстың заңды мұрагері кім еді – деген сұрақтарға солардың өздері жауап беретін болады. Мұндай қорытындыға ең бірінші Ресей ғалымдарының келетініне сенімім кәміл.

Ө й т к е н і , Қ а з а қ х а н д ы ғ ы н ы ң құрылғанына 550 жыл толуына орай салтанатты шара өткізілетіні жарияланғаннан бері Ресей тарихшылары, соның ішінде саясаткерлер де екіұдай екі тұжырымды ашық талқылауға көшті. Біріншісі: «Алтын Орданы астанасы Берке сарай Ресейдің жерінде. Демек, Алтын Орданың заңды мұрагері – Ресей», – деп, екінші топтағы ғалымдар: «Алтын Орданың заңды мұрагері және ең соңғы тәуелсіз мемлекет – Қазақ хандығы» деп тұжырым жасап, дербес зерттеулер жариялады. Демек, біз соңғы тұжырымды мемлекеттік Ұран деңгейіне жеткізіп, хандықтың салтанатын: «Біз – «Ел қамын жеген Едіге» ұрандап басын қосқан, Алтын Орданың жығылған туын қайта көтеріп, Көк Орданы – Қазақ орда- сын құрған мемлекетпіз!» – деген рухта өмір сүруге тиіспіз. Жаратқан иеміздің, Көк Тәңіріміздің өзі жар болып, сәтін келтіріп, соған орай беріп отыр. Ендеше, мұндай қайырылып реті келмейтін мүмкіндікке мәтқапылық жараспайды. Мұның ор- нына: Қазақ хандығы ту көтерген жер Ұлытау ма, Ырғыз ба, Шу ма, немесе ана бұлақтың басы, мына бұлақтың аяғы деп тулақ тартқандай тартып, ру таратқандай таратып, ұсақтатып жіберсек, онда Қазақ мемлекеттігінің абыройын асырып емес, жасытып тынамыз. Кешегі шаһит кеткен ата-баба рухы да, ертеңгі үрім-бұтақ та мұндай мәтқапылықты кешпейді.

Менің ойымша, түптің түбінде Ұлытаудағы Едіге шоқысының басына қазақтың арғы-бергі дәуіріндегі бірлік таңбасы салынған, аспанмен тілдескен асқақ Ұстын (Ескерткіш – тарихта болған айтулы оқиғалар мен өтіп кеткен тұлғаларға қойылатын белгі, ал Ұстын – стела кешегіні бүгінмен жалғастырып, ертеңге ұстаным болатын киелі нысан) орнатып, барлық ұлттық салтанатты рәсімдер тұсында тәжім ететін киелі орынға айналдырсақ, ұлт рухының мәңгілік асқақ кепілі болар еді. Ұлыс басы – Жошының мавзолейі тұрған алқапта ұлттық, мемлекеттік ша- ралар өтетін және саяхат алаңы болса, уа, шіркін, қазақ тарихы – көрнекі әрі тірі тарихқа айналары кәміл. Сонда Керей мен Жәнібекті, яғни, Қазақ хандығын көзге ілмейтіндер, Шыңғыс хан мен Жошы, Едіге мен Тоқтамыс қалдырған тарихи зат- тай айғақты жоққа шығара алмай, ішінен күйініп тынар еді-ау!..

Оған тарихи дәлел де, дерек те, зат- тай айғақ та жеткілікті. Сонау Көк түрік қағанатының бедері білінетін, кейінгі хан- дар байтақ еткен «Хан ордасы» қорғаны, мыс балқытқан Бас, Орта, Аяққамыр кешені мен Домбауыл дыңы, Жошы мен Алаша хан мавзолейі, Едіге шоқысы, Тоқтамыстың шор терегі, Темірланның тастағы жазуы, «Ақтабан шұбырынды» кезіндегі Бұлантыдағы көк жартасқа: «Өлсек – көметін көріміз бірге болсын, Тірі қалсақ – шығатын төбеміз бірге бол- сын!» деп қашап жазылған ант таңбасы, шаһиттер қорымының басындағы қос дың мен әр қорымның мәңгір тасындағы иман таңбалары соған толық кепілдік береді.

Осындай айбыны асқақ кең кеңістікке құлаш ұрған мысы басым салтанатты атой ғана – көшпелілер мен қазақ мемлекеттігінің мысын киелендіреді. Ал, ұсақ-түйекпен, кәкір-шүкірмен, күңкіл-шүңкілмен өткізсек, қазақ рухын жат пиғылдың ал- дында тағы да бір тізелеткеніміз болып табылады. Өйтпін, тулақша тартқылап пұшпақтағанша, жаттың табасына қалып, ызамыз ішімізде қалған күйі – атамай өткеніміз жақсы. Менің ұстанымым – осы!

Қазақ хандығының құрылғанына 550 жыл толуына орай мемлекеттік шараның – Бұланты, Білеуті өзенінің бойындағы 1726 жылғы шайқастың алдындағы ұлт боп ұйысқан қазақ қауымының антта- суы мен шайқас майданында қаза тапқан шаһиттерге арнап ескерткіш орнату рәсімінен басталуы ұлттық сананың намы- сты ұюын, қазақтың тәуелсіз мемлекетінің рухани бірлігін танытқан нысаналы ны- шан деп есептеймін. Бұланты

өзенінің бойындағы бұл ұстын – бас бостандығын аңсаған қазақтың намыс ұстыны. Жезқазған шаһарындағы – Абылайдың, Жездідегі – Кенесарының, Ұлытаудағы – Асан қайғының ескерткіштері, «Қазақ хандары» тұғыры мен «Хан ордасындағы» ескерткіш ұстындар – «Ұлытау – ұлт ұясы», «Мақсат – Мәңгілік Ел!» деген ұранда өткен халықтық салтанат шаралары мен ғылыми конференцияның рухани тұғыры. Лайым, исі қазақтың тілегі осылай бір мәйекке ұйый берсін деп тілек қосамын.

Бұлантыдан басталып, Ұлытауда жалғасын тапқан шарада сөйлеген облыс әкімінен бастап ауыл әкіміне дейінгі, Әнес Сарай, Тоқтар Әубәкіров, Темірғали Көкетай, Қажығали Мұханбетқалиев, Төлеген Бүкіров, Мәди Артығалиев, Сағындық Жауынбаев, Жүрсін Ерман қостаған ғарышкер, жазушы, ғалымдардың тұжырымдары да соған сайды. Бір таңданарлығы жезқазғандық әкімдер – шетінен ақын, ал ақындары – әкім боп келеді екен. Тарихты өлеңдете таратқанда сөз тізгінін ұстап жүрген үлкен-кішімізді тосылдыра берді. Бұл да сүйінерлік көрініс. Алқалы салтанат барысындағы алқақотан мәжілісте: «Қазақ мемлекеті – Алтын Орда ұлысының құрамындағы хандықтардың ішіндегі тәуелсіз мемлекет құрған бірден-бір ұлт. Сондықтан да, қазақ хандығы – Алтын Орданың заңды мұрагері» – деген ұстаным Қазақ хандығының құрылғанына 550 жыл толуына орай өтетін мемлекеттік салтанатта ресми тұжырым ретінде жарияланса. Ұлттық намысымыз бен мемлекеттігіміздің символы болып табылатын Едіге шоқысының басына тәуелсіздігіміз бен азаттығымыздың нысаналы белгісі, кешегі мен бүгінді келешекке жалғастыратын ортақ ұран болатын ұстын орнатса. Бұланты, Білеуті, Қалмаққырған, Өлкейек, Аңырақай, Сарыбел-Сарбөктер, Ақшәулі-Қоңыршәулі, т.б. сияқты айтулы шайқастар туралы, «Хан ордасы» қорғаны, Кенесарыны ақ киізге отырғызып хан көтерген «Хан төбесі», бар қазақ бірігіп жоңғарға қарсы соғысуға ант берген «Бұлантыдағы таңбалытас» туралы жеке-жеке дербес деректі фильм түсірсе – деген елдік ұсыныстар айтылды. Ескерілетін ел сөзі осы.

Ұлы қазақ даласындағы Жайық, Сыр, Ертіс дариялары өз жерімізден бастау алмайды, ал ұзындығы үш жүз шақырымнан аспайтын, үзіліп-жалғанып, буылтықтанып ағатын жетпіс екі Торғай, алпыс төрт Кеңгір, Бұланты мен Білеуті, Сарысу өзендері, шеңбері мың шақырыммен өлшенетін Бетбақдаланы және ондағы қара халықты малжанымен қоса сусында тып отыр. Бар қуатын қазақ елінің шөлін басуға арнаған осындай шағын әрі пайдалы өзендер – шын мәніндегі ұлы өзен. Ұлт намысын қорғаған шаһит бабаларымыздың сусынын қандырған Бұланты мен Білеуті де сондай киелі суат. Киеннен де, киенді қастерлеген иеннен де айналдық, ұлт ұясы – Ұлытау!

2027 жылы Бұланты шайқасына 300 жыл толады. Бұл да есте ұстарлық оқиға.